

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне астық нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 30 мамырдағы № 45-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне астық нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тізбеге сәйкес тиісті нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2016 жылғы 30 мамырдағы
№ 45-ө-өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне астық нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық және құқықтық актінің атауы	Нормативтік құқықтық және құқықтық актінің нысаны	Орындалуына жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Нормативтік құқықтық және құқықтық актінің сапалы әрі уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты адам

1	2	3	4	5	6
1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 және "Астық қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру бойынша лицензиярды айқындау туралы" 2015 жылғы 28 қазандағы № 852 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2016 жылғы маусым	Г.С. Исаева
2	Астық қолхаттарын тіркеушіні айқындау туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2016 жылғы маусым	Г.С. Исаева
3	Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне деректерді беру нысандарын, көлемін және кезеңділігін бекіту туралы	бұйрық	АШМ	2016 жылғы маусым	Г.С. Исаева
4	Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне деректерді беру нысандарын, келемін және кезеңділігін бекіту туралы	бірлескен бұйрық	АШМ, ИДМ	2016 жылғы маусым	Г.С. Исаева
5	Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне деректерді беру нысандарын, көлемін және кезеңділігін бекіту туралы	бірлескен бұйрық	А Ш М , Қаржымині	2016 жылғы маусым	Г.С. Исаева
6	Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне деректерді беру нысандарын, көлемін және кезеңділігін бекіту туралы	бірлескен бұйрық	А Ш М , Әділетмині	2016 жылғы маусым	Г.С. Исаева
7	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір: 1) "Астық қабылдау кәсіпорындары есептілігінің үлгілік нысандарын бекіту туралы" 2011 жылғы 27 қыркүйектегі № 06-1/545; 2) "Астық нарығының мониторингін жүргізу қағидасын бекіту туралы" 2012 жылғы 8 мамырдағы № 18-03/241; 3) "Астық қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 4-1/3 3 9 ; 4) "Астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" 2015 жылғы 22 мамырдағы № 4-1/468; 5) "Астық қабылдау кәсіпорны мен астық иесі арасындағы астықты сақтаудың жария	бұйрық	АШМ	2016 жылғы маусым	Г.С. Исаева

	шартының үлгілік нысанын бекіту туралы" 2015 жылғы 29 мамырдағы № 4-1/487; 6) "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесінің кейбір мәселелері туралы" 2015 жылғы 29 мамырдағы № 4 - 1 / 5 0 2 ; 7) "Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 19 маусымдағы № 4-1/546; 8) "Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 24 маусымдағы № 4-1/564; 9) "Астық қолхаттарының мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 28 шілдедегі № 4-1/699 бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы				
8	"Астық нарығын реттеу, мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 15-3/1134 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 813 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	бірлескен бұйрық	АШМ, ҰЭМ	2016 жылғы маусым	Г.С. Исаева
9	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір: 1) "Астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және өтелуі қағидаларын, астық қолхаттарының үлгілеріне және астық қолхаты жазылатын бланкілерге қойылатын талаптарды, Астық қолхаттары бланкілерін шығару, сатып алу, сақтау және жою қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 9 шілдедегі № 4-1/620; 2) "Астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және өтелуі қағидаларына, астық қолхаттарының үлгілеріне және астық қолхаты жазылатын бланкілерге қойылатын талаптарды, Астық қолхаттары бланкілерін шығару, сатып алу, сақтау және жою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2015 жылғы 9 шілдедегі № 4-1/620 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" 2016 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы	бұйрық	АШМ	2016 жылғы маусым	Г.С. Исаева

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АШМ - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

ҰЭМ - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

ИДМ - Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі
Әділетмині - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК